

Келісемін: *Ж.А.Елемесова*

”Айяна” жеке мектепке дейінгі білім беру
мекемесінің әдіскері: Ж.А.Елемесова

“Жол ережесін білейік-аман есен жүрейік”

(Күншуақ мектепалды тобы)



Дайындаған: дене нұсқаушысы
Халимеденов Ж.
Кумарова Д.Н

2025-2026 оқу жылы

«Жол ережесін білейік – аман есен жүрейік»

Мақсаты:

- Балаларға жол ережелерін үйрету, бағдаршам және жол белгілерін тану
- Қауіпсіздікке назар аударту
- Дене, танымдық, коммуникативтік және шығармашылық дағдыларын дамыту

Жүргізуші сөзі:

«Балалар, бүгін біз жол ережелерін үйренетін қызықты саяхатқа шығамыз! Бізге бағдаршам мен жол белгілері көмекші болады. Қауіпсіз жүріп, аман есен жетуіміз керек. Дайынбыз ба?»
(Балалар «Иә!» деп жауап береді.)

1-кезең: Бағдаршамды таны

Жүргізуші:

«Алғашқы қадамымыз – бағдаршамды тану.

Себетте бағдаршамның түстеріндей карточкалар жатады және әр баланың қолына "тоқта" "дайындал" "жүр" деген жазулар беріледі сол жазуға сай түсті жүгіріп барып алып келу қажет.

Жүргізуші :

«Тамаша! Көрдіндер ме, бағдаршам бізге жолды қалай жүретінімізді айтады!»

2-кезең: «Көлікті дұрыс жүргіз»

Жүргізуші :

«Енді біз көліктің жүргізушісі боламыз! Бірақ жолда кедергілер көп, және жол белгілеріне тиіп кетпеуіміз керек. Алдымен кезекпен рульді алып, кедергілердің арасынан өтеміз.»

Құралдар:

Руль немесе ойыншық көлік, кегли

Өту тәртібі:

Бала рульмен кедергілердің арасынан өтеді.

Жол белгілеріне «соғып кетпеуі» керек

Жүргізуші:

«Керемет! Біз жолда абай болсақ, ешқандай қиындыққа ұрынбаймыз!»

3-кезең: «Дұрыс па, бұрыс па?»

Жүргізуші :

«Балалар, енді біз жол белгілерін жақсы танимыз ба, соны тексереміз. Жүгіріп барып бір жол белгісін алыңыздар. Ол не үшін арналғанын айтып берейік: дұрыс па, бұрыс па?»

Қадамдар:

- Балалар кезекпен жүгіріп, жол белгісін алады.
- Жүргізуші белгі туралы сұрақ қояды.
- Балалар белгі дұрыс па, бұрыс па екенін айтып, пікір білдіреді.

Жүргізуші:

«Өте жақсы! Енді біз әрбір жол белгісін танимыз және жолда аман жүре аламыз!»

4-кезең: Суреттерді құрастыр

Жүргізуші:

онғы кезең – шығармашылық! Біз жолдағы көріністі бірге құрастырамыз. Міне, кішкентай суреттер. Оларды біріктіріп, үлкен сурет жасаймыз. Әр топ өз суретін таныстырады.»

Қадамдар:

-Балалар суреттерді біріктіріп, толық картинаны жасайды.

-Әр топ өз суретін көрсетіп, түсіндіріп береді.

Жүргізуші :

«Керемет! Біз бірге үлкен сурет жасап шықтық. Енді жолда абай болу – тек қана ойында емес, күнделікті өмірде де маңызды екенін білдік!»

Қорытынды

Жүргізуші:

«Балалар, бүгін біз бағдаршам түстерін, жол белгілерін таныдық, жолда аман жүрудің жолдарын үйрендік. Барлығың тамаша еңбек еттіңдер! Енді біз жолда әрқашан абай боламыз!»